



Институт Лингвистики Киргизского
государственного университета им. И. Арабаева (Киргизия)
Витебский государственный университет (Белоруссия)
Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Казахстан)
Кемеровский государственный университет (Россия)
Кемеровское региональное отделение
Российской Ассоциации лингвистов-когнитологов
Международная распределенная лаборатория когнитивной лингвистики
и концептуальных исследований (ЛКЛиКИ):
Кемерово – Севастополь – Армавир – Ставрополь

Материалы
XIV Международной научной конференции
«Новые парадигмы и новые решения
в когнитивной лингвистике»
Бишкек, 4-5 июля 2014 год

Серия «Филологический сборник»
Вып. 13

НОВЫЕ ПАРАДИГМЫ
В КОГНИТИВНОЙ
ЛИНГВИСТИКЕ

Алматы – Бишкек – Витебск – Кемерово
2014

УДК 81' 1 (082)
ББК Ш100.4я43я41

Редакционная коллегия:

М.В. Пименова (отв. соред.), Б.К. Момынова (отв. соред.),
В.А. Маслова, С.Ж. Мусаев

Н 76 Новые парадигмы в когнитивной лингвистике / Отв. соред. Б.К. Момынова, М.В. Пименова. – Алматы – Кемерово – Витебск – Бишкек: КГУ, КазНУ, КемГУ, ВГУ, 2014. – 688 стр. (Серия «Филологический сборник». Вып. 13).

ISBN 978-966-489-246-9

В выпуск 13 «Новые парадигмы в когнитивной лингвистике» из серии «Филологический сборник» вошли материалы исследований слушателей XIV Летней научной Школы и результаты изысканий участников XIV Международной научной конференции «Новые парадигмы и новые решения в когнитивной лингвистике», которая состоялась 4-5 июля 2014 г. в Институте Лингвистики Киргизского государственного университета им. И. Арабаева (Бишкек). В сборник вошли статьи, посвященные рассмотрению таких вопросов, актуальных для современного языкознания, как теоретические основы теории ментальности и концептуальных исследований, вопросы языковой вербализации концептов, концептуальной, научной, авторской картин мира, прикладных аспектов концептологии, исследования жанра и дискурса, изучения лингвокультурных реалий, межкультурной коммуникация, политической лингвистики и этнокультуры и др. Он предназначен для лингвистов, литературоведов, культурологов, психологов и широкого круга читателей, интересующихся проблемами когнитологии.

ISBN 978-966-489-246-9

© Б.К. Момынова, М.В. Пименова
© Авторы статей

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ КОГНИТИВНЫХ И КОНЦЕПТУАЛЬНЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ

Әбікенова Г. Т.
Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті,
Қазақстан Республикасы

ТІЛ ҚОЛДАНЫСЫНДАҒЫ КОГНИТИВТІ НЕГІЗДЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Бүгінгі таңдағы танымдық (когнитивтік) ғылым өзінің бастауын ежелгі дәуірден алатындығы белгілі, себебі танымдық ғылымның нысаны болып саналатын таным мен ақыл, олардың өзара қатынасы сонау ерте заманалардан пікірталас тудырып келген түсініктер. Бұл дегеніміз танымдық ғылымның ең маңызды да, басты мәселесі классикалық мәселе – тіл мен ойлау екендігін анықтай түседі.

Поэтикалық мәтіндегі тіл мен ойлаудың өзара қатынасы ертеде философтарды бірден-бір ойландырған мәселе болса да, бүгінгі таңда осы мәселе де күн тәртібінде тұрғандығын көруге болады. Бұның айғағы Платонның «Кратили» – тілдің танымдық құрал екендігі жөнінде сөз қозғалған ең алғашқы философиялық талдауы. Тіл жөніндегі Платонның тәржімелеуінің негізі-атаулардың қоршаған ортаны танып білуде абсолюттік дәлме-дәл еместігінде. Платонның пікірі бойынша атаулар көмегімен қоршаған ортаны танып білу танымдық құрылымның төменгі сатысын ғана құрайды, ал бұл процестің ең жоғарғы сатысы байқап бағдарлап, мән-мағынасын түсіне танып білу болып саналады [7]. Платонның тілдің танымдық қызметін мұндай шеңберде шектеуі сол дәуірдегі тілді символдық белгі ретінде қарастырмай, табиғи белгі тұрғысынан қарастыру көзқарасының қалыптасуынан деп тұжырым жасауға болады.

Ал үндітанушы ғалымдардың пікірлері бойынша, үнді философы Анандавардханидың (IX б.э.) іліміндегі семантикалық өзгерістердің сипаты, ойлау мен тіл арақатынасы (ойдың пайда болуы мен сөзбен жеткізу арақатынасы) мәселелері бойынша айтқан ойлары қазіргі кезде де өз құндылығын жоймаған [8].

Қытайдың конфуциандық ілімін қарастырсақ, бір заттың мағынасын түсіну үшін оның алғашқы идеялық болмысына,

XX ғасырдың 30-жылдарында қазақ тіл білімінде Қ. Жұбанов лингвистикалық зерттеулерді жана мазмұнда, жана идеялық бағытта дамыту қажеттігіне назар аударды. А. Байтұрсынұлының «Тіл-құралын» жоғары бағалай келе, ғалым «...тіл құбылыстарын жалаң түр жағын ғана зерттеумен біліп болмайды. Бұл-сөзсіз сыңаржактық ... Түр-форма деген тілде жоқ белгі емес, бар нәрсе...түр тілдің бар тарауы емес, бір тарауы» деген аса құнды қорытынды жасады. Тілші адам әрекеті мен танымының тіл дамуындағы орнын айғақтау үшін, «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулерінде» «... өте алыс экскурстерге» барды. Әр пікірін халық санасында жақындата отырып, зерттеуші адамның жадында сақталар танымдық «ұғымдарға», «көрініс қалыптарға», «образдарға», «ұқсата атауларға» тоқталды, олардың жана ұғым мен сөз жасауға қатысын сұрыптады. Бұл ретте автор танымдық қорға негіз болар элеуметтік-мәдени тәжірибемізді «әуелі көзқарас»деп атады. Сөйтіп өткен ғасырдың өзінде-ақ тілдік зерттеулер өзінің қалыпты шеңберінен шыға отырып, жаңа бетбұрыстарды қажет ете бастады. Тіл табиғатын зерделеу тек формалық сипаттамалармен шектелмей, адам өмірінде алар орны мен атқарар қызметін анықтауға, оның физио-анатомиялық негізін айғақтауға ұласты. Сондықтан тілдік құралдар құрылымдық лингвистиканың ғана емес, сан алуан экстралингвистикалық салалардың нысанына айналды – деген теориялық тұжырым айтады [6, 11-12].

«Танымдық (когнитивтік) ғылым» термині (ағылш. cognitive) алғашқыда белгілі бір ақпаратты қабылдап, оны белгілі бір електен өткізіп, мида сақтай отырып, қажетті кезде оны қолдану нәтижесінде адамның миында білім қыртыстарының қалыптасып және толығы процестерін зерттейтін ғылыми пәндер жиынтығын айқындау үшін енгізілген. Бұл жалпы айтқанда, танымдық ғылым адамдардың қоршаған дүниені қабылдау және танымдық қызметтерін пайымдау нәтижесінде белгілі бір жүйеге келтіріліп, біздің санамызда «жазылып», ментальды яғни, танымдық процестердің негізін құрайтын білім мен таным туралы ғылым. Ғалымдардың көпшілігі танымдық ғылымның адамның ми қыртыстарына әртүрлі жолдармен келетін білімнің қалай «жазылу» жолдары мен сол ақпараттардың белгілі бір өндеуге түсу жүйелерін зерттейтін ғылым деген ықшам түріндегі анықтамасын қолданады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Гиздатов. Сөйлеу қызметіндегі когнитивтік модельдер: типологиясы мен динамикасы: Фил. ғыл. докт. ... дисс. – Алматы.
2. Жаманбаева Қ.Ә. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. Алматы: «Ғылым». 1998. – 140 б.
3. Кубрякова Е.С. Парадигмы научного знания в лингвистике и ее современный статус // Известия РАНСЛЯ. – Москва, 1994, №2. – С. 312-319.
4. Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері // Тілтаным 2001, №4, 39-43 б. Н. Хомский Язык и мышление. М., 1999.
5. Момынова Б. Қазақ тіліндегі қоғамдық саяси лексика (элеуметтік-бағалауыштық, сөзжасам). – Алматы, 1989.
6. Оразалиева Э. Танымдық қазақ тілі. – Алматы, 2005. – 174 б.
7. Платон. Письма. – М., 1972. – Т. 5. – С. 343.
8. Потебня А.А. Слова и миф. – М., 1989.

Әлкебаева Д.
ҚазҰУ-дың профессоры,
ф.ғ.д. Қазақстан

ҚАЗАҚ ТІЛІ ФУНКЦИОНАЛДЫ ГРАММАТИКАСЫНЫҢ БАСҚА ҒЫЛЫМ САЛАЛАРЫМЕН БАЙЛАНЫСЫ

Қазақ тілтаным ғылымының дүниеге келуі мен теориялық сараптамадан өтуін анықтайтын фактілер қатарында, жалпы тіл ғылымының даму негіздері құрылымдық тұрғыдан жүйеленіп, тілді зерттеудің жана ша ғылыми көзқарастары қалыптасуының нәтижесінде әлемдік білім тәжірибесінің озық үлгілеріне бетбұрыс жасауда ғылыми концепциялардың негізі қаланды. Қазіргі уақытта қазақ тілін қатысымдық-танымдық тұрғыдан зерттеу оның мемлекеттік мәртебесін сақтап бағалауға, ұлттың ділін берік тұрақтандыруға және мәдени құндылықтарын тіл иммунитеті арқылы бекітуге ұлттық тілдің жан- жақты социум өміріндегі қызметінің мәнін бағалауға үйрету міндетке алынады. Қазақ ұлттық тілінің осы бағыты жана бағыт арқылы тіл адамның өмір танымы, болмысы, элеуметтік мүддесімен тығыз байланысты

екенін жан-жақты игереалады. Қазақ тілінің қоғам өміріндегі, жеке өміріндегі атқаратын рөлін саналы түрде түйсінеді. Бұл оның дүниетанымын кеңейтіп, тілдік білімге жаңа көзқарасын жалпы лингвистикалық күзиреттілігін толық нығайтуға тікелей ықпал етеді әрі филологиялық білім-ғылымның ұстанымдарын жетілдіруге оны толық игеруге мүмкіндік туғызады. Тілді адам факторымен қоршаған әлеммен біртұтас бүтінде игеруге және тіл болмысын халықтық таным тұрғысынан зерделеуге мүмкіндік алады. Тілдің қоғамдық қызметін сөз «әрекетінде», қолданғанда жүзеге асып жататын тілдік бірліктердің ішкі иірімдерінің мәнді де мағыналы әлеуетін тануға тікелей аса зор ықпал етеді. Тілдің сан алуан қызметі, атап айтқанда байланыстырушы, реттеуші, танымдық, эстетикалық-стилистикалық, коммуникативті-прагматикалық, этностық тағы да басқа толып жатқан қызметтерінің сыр-сипаты мен мәнін болашақ маман ретіндегі бүгінгі дұрыс интерпретация жасай алу мақсатын көздейді. Сөз пен сөйлемді және мәтінді әрі тілдік, әрі коммуникативтік-прагматикалық бірлік ретінде оқытып, тілдің мәдени-танымдық, қатысымдық, әлеуметтік, кумулятивтік, конативтік қызметтеріне қатысты қағидалардың мәнін меңгертуге айрықша рөл атқарады.

Қазақ тілінің функционалды грамматикасы – қазақ әдеби тілінің қоғам өмірінде қызмет етуінің негізгі көрінісі ғана емес нақты шындығы. Қазіргі уақытта функционалды грамматиканы тіл ғылымының және басқа гуманитарлық ғылымдармен байланысы кең көлемдегі кешенді жүйелі зерттеулерге ие болуда. Қазіргі тіл білімі үшін тілді сипаттама түрінде қарастыру оның көп аспектілі қызметін толық саралай алмайды. Дәл сол кезде көптеген зерттеушілерге тілді формальды-грамматикалық тұрғыдан зерттеу оның көптеген мүмкіндігіне шектеу қоятындығымен дұрыс нәтижелі талдауға қол жеткізе алмайтындығы түсінікті болатын. Жеке ғылым саласы басқа ғылымдармен шектескенде жаңа бағыттарының тууына тікелей ықпал етеді.

Аталған пәнді оқыту барысында тілдің функционалдығын сөйлеу актісінде адамдық фактордың ұғымдық, танымдық, іс-әрекеттері өзара байланыста, бірін-бірі толықтыра, логикалық жүйемен үздіксіз дамытылып отырылатындықтан, осы пән туралы ғылыми-тәжірибелік білім қоры көптеген шектес ғылымдармен

сабақтастырыла байланыстыруды негізге мақсатқа алып отырады. Сондықтан бұл пәнді оқыту барысында тілді зерттеудің антропоцентристік бағытының басты ұстанымдары көптеген ғылым салаларымен байланысын тудырып, тілдің көп аспектілі жүйесімен басқа да ғылым салаларын байланыстыра оқыту көзделінеді. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы көптеген шектес ғылымдармен байланысуы арқылы қорытындыланды. Содан оның жаңа салалары пайда болады, бұл әлі жалғаса беретін үздіксіз құбылыс.

Тілдің функционалдығын толық тану оның көп жүйелілік қызметінің мәнін анықтау үшін тіл білімі салаларымен және гуманитарлық білім бағыттарымен біртұтас, үздіксіз бір байланыста қарастыруды талап етеді. Тілді зерттеудегі классикалық дәстүрлі немесе құрылымдық грамматика айтушының ойлауын және тілден тысқары факторларды ескермеді. Тілді айтушы мен оған ықпал ететін факторлар арқылы қарастыру тілдің функционалдығын әрі мағыналық өрісін анықтауға тікелей ықпал етті. Тілдің функционалдығын тіл ғылымының және шектес ғылымдарымен байланыстыра қарастыру арқылы толық мүмкіндік туады. Атап айтқанда, сөйлеу актісі теориясымен байланыстыра қарастыруда мынандай ғылыми тұжырымдарға сүйенуге тура келеді

Жалпы функционалды грамматиканың негізгі ұғымдарының баптауы осы онтология ғылымымен байланысты. Онтология – болмыс туралы ғылым. Жалпы болмыстың сипаты қандай, ол туралы түсінік пен критерийлердің қағидаларын тану жалпы адамзаттың болмыс туралы ұғым-түсініктерін дамытып, ұтымды қолданыстардың ең үздік дамушы нәтижелерін анықтап берді. Тіпті адамзаттық абстракттілі ұғым-түсініктердің барлығы атап айтқанда, адам қиялы, сана ағындарындағы құбылыстардың барлығы, рухани құндылықтар, уақыт, мұң сияқты таным-түсініктердің барлығы да болмысқа жатады. Онтологиялық категориялар – мүмкіндік пен шындық. Мүмкіндік дегеніміз – әлеуетті болмыс, шындық – көкейкесті деп бөлінгенмен, болмыс көкейкесті әлеуетті формамен тіршілік етеді. Бірақ болмыстың осы аталған екі қыры да «шындық» түсінігін қамтиды. Ал, шындық физикалық, психологиялық, мәдени, әлеуметтік болмыс ретінде танылады.

Болмысты тану заттарды ойлау арқылы танылады. Біріншіден, барлық логикалық тұрғыдан мүмкін емес, екіншіден, белгілі ұғымдар әр уақытта қайшылыққа ұрынып отырады. Сондықта тілдің көп функционалдығы адамдық фактордың логикасымен, танымдық білімі мен сөз «әрекетінің» құзыреттілігін өзара бірлікте қалыптастырудың алғышартының негізгі өзегінен тарайтындықтан логика ғылымымен байланысы нақтыланды. Тілдің грамматикасын зерттеудің семасиологиялық және ономасиологиялық бағыттарының болғаны мәлім. Пермь мектебі лингвистері тілдің функционалдылығы сөз сөйлеу «әрекетінде» болатын құбылыс екенін жан-жақты дәлелдеді. Бұл стилистиканы функционалды стилистика деп атай бастаған кезеңмен тұстас келеді. Осыдан кейін тілдің функционалдығына қарай ойысқан бағыттардың негізі америкалық лингвистердің тілді ситуацияға байланысты зерттеу нәтижелері де үлкен ықпал етті. Тіл ғылымындағы осындай жаңа бағыттардың өзекті жаңашыл идея тұжырымдарынан сөз сөйлеуші сөз актісінің өн бойында тілдік құрылымдарды жұмсауда ортақ тілдік заңдылықтарға сүйене отырып жұмсайды әрі бірақ олардың айтатын пікірінің мазмұны мағынасына қарай әр текті қызмет атқаратынын көрсетеді. Осыдан келіп бір тектес құрылымдық грамматиканың функционалды семантикалық категориялары айқындала бастады. Осы кезде тіл ғылымының жаңа бағыттарының пайда болуына қалыптасуына себеп болды. Тілге деген семантикалық-когнитивтік көзқарастың негізгі белгілері айқындала бастады. Тіл семантикасы (тілдің семантикалық кеңістігі) – семемалар жиынтығы ғана емес, ол, тізбекке, циклге салынған, ағаштар тәрізді бұтақталған, орталығы мен шеттері бар аяларды құрайтын және т.с.с., түрлі құрылымдық бірлестіктер және топтар қиылысуы мен байланыстарынан туындаған күрделі жүйе. Бұл қатынастар тіл концепттікортасындағы концепттер қатынасын көрсетеді. Және тілдің семантикалық кеңістігіндегі мәндер арасындағы қатынастар бойынша, ұлттық концепттікортадағы концепттер қатынасы жайында айтуға болады. Осыдан келіп менгальді лингвистика ғылымы жанданды.

Лингвокогнитивтік зерттеулерге қатысты дамытып отырған көзқарастар семантико-когнитивтік деп танылды, мұнымен зерттеудің негізгі бағытын – тіл семантикасының халық концепттік ортасымен арақатынастығын, семантикалық барыстардың когни-

тивтік барыстармен арақатынасын баса көрсетуге назар аударылды. Когнитивтік лингвистика психолнгвистиканың теориялық негізі рәсімделгеннен кейін ғана мүмкін болды. Бірақ ескерте кететін жағдай тіл білімінің бұл саласы әр түрлі бағыттардың құрамында әр түрлі ғылыми көзқарастардың нәтижесінде жан-жақты дамыды. Сондықтан зерттеушілердің алдында олардың ұғымдық категорияларын анықтау міндеті тұрды. Осыдан келіп функционалды грамматиканы зерттеу логика ғылымымен байланыста қарастырудың заңды жалғасын тапты.

Сөйлеу актісінде жүзеге асатын сөйлеу адам ойлауының формалары мен заңдылықтарынан түзелетін күрделі құбылыс болып саналады. Логика – ойлау мен оның формалары мен заңдылықтары туралы ғылым. Логика дәлеледеу мен теріске шығарудың белгілі бір әдіс-тәсілдерін қаралатын ғылыми-теориялар жиынтығы. Логиканың мақсаты – адам танымының ақиқаттылығы, танымдық тәсілдер мен әдістердің дұрыс жүйесін қалыптастыру. Сонау өте ертеде-ақ грамматист ғалымдар логиканы тілмен байланыстыра қарастырған. Грамматика сөздер үшін заңдар жасап берсе, логика жалпы халыққа ортақ ой береді, ал грамматика жеке халықтарға сөз береді. Тіл қызмет атқара бастағанда ойың мазмұны мен мағынасы өзгереді. Бұл туралы қазақ ғалымдары А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов, Н. Сауранбаев тағы да басқа көптеген ғалымдар айтып кеткен болатын. С. Аманжолов қазақ әдеби тіліне қатысты жазған еңбегінде сөйлем мен сөйлеу туралы айтқанда форманы мағынадан, мағынадан форманы бөлудің қажеті жоқ екендігін көрсете отырып, олардың ұғымдық мәніне тоқталады. Осыдан-ақ қазақ тіл ғылымында ұғымдық категорияның болатынын оның логикалық жақтан қарастырудың қажеттігіне көңіл бөлгенін көруге болады. Ойлау нәтижелерінен тілдік бірліктердің қызметі басталғанын дәлелдейді. Осыдан-ақ қазақ тіліндегі құрылымдық грамматиканың негізгі нысандарын қарастырғанда тілдің функционалдығы арқылы толық ғылыми пайымдаулар жасалғаны белгілі. Қазақ тіліндегі дәстүрлі зерттеулердің жалғасы шектес ғылымдармен байланысты даму бағыттарын тездетті. Қазақ тілінде көбінесе функционалды грамматика терең зерттелінбей, этнолингвистика, когнитивті лингвистика, элеуметтік лингвистика лингвомәдениеттану тағы басқа салалары салалары тез зерттеліне бастады. Дәл осы жерде айта кететін басты нәрсе

осы салалардың бәрі де тіл қызметі арқылы когнитивті лингвистика танымдық қызмет арқылы көрінсе, этнолингвистика этностық қызметі арқылы талданады. Демек, тілдің барлық бағыттары мен салалары тіл қызметі арқылы көрінеді, тілдің дәстүрлі құрылымдық жүйесінен таралады да, белгілі грамматикалық заңдылықтары арқылы сөз қызметінде өзінің қызметін атқара бастайды. Функционалды грамматика құрылымдық лингвистика, сөйлеу ақтілерінің теориясы, сөзтану, прагматистика, психоллингвистика, когнитивті лингвистика, ментальді лингвистика, әлеуметтік лингвистика сияқты ғылым салаларымен тығыз байланысты. Функционалды грамматика тіл ғылымы мен гуманитарлық ғылымдардың тоғысынан қарым – қатынас теориясының негізгі ғылыми жүйесін және оның қолданбалы мәнін анықтайтын негізгі тіл ғылымының басты саласы болып саналады.

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992. – 448 б.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 608 б.
3. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. – Алматы: «Санат», 1994. – 320 б.
4. Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері. – Алматы: «Кие» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2007. – 482 б.
5. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. – Алматы: Ануар-КЗ, 2010. – 720 б.

Ахметжанова З.К.

Казахско-Турецкий университет им. С.Демиреля, Казахстан

Мусатаева М.Ш.

Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Казахстан

СИСТЕМА ПИТАНИЯ КАЗАХОВ КАК ОТРАЖЕНИЕ ЭТНИЧЕСКОЙ МЕНТАЛЬНОСТИ (В АСПЕКТЕ ТРАДИЦИОННОЙ КУЛЬТУРЫ)

В соответствии с антропоцентрической научной парадигмой в центре теоретических построений в разных науках, так или иначе

связанных с изучением человека, находится культура. Традиционно в качестве признаков нации указывают на язык, территорию, государственность, однако очевидно, что важнейшей чертой нации является менталитет, сложившийся в ходе становления нации и отражающий уровень ее духовного, нравственного и интеллектуального состояния.

Мы полностью согласны с утверждением исследователей, что именно менталитет (мировосприятие и умонастроение) является главным условием успеха государства. Подчеркнем, не численность населения, не ресурсы страны, а именно менталитет определяет место страны в мировом рейтинге. А для этого сначала надо выяснить, каков менталитет населения Казахстана и прежде всего – менталитет государствообразующей нации. Одним из важных составляющих национальной культуры, обусловленных национальным менталитетом, является традиционная культура питания.

1. В рамках национальной материальной культуры казахов особое место занимает традиционная система питания, на формирование которой повлияли три основных фактора:

а) система хозяйствования, в которой преобладающий тип – кочевое скотоводство с небольшими вкраплениями земледелия и рыболовства);

б) особые погодно-климатические условия (резко-континентальный климат);

в) наличие региональных различий, связанных как с климатическими характеристиками, так и с социально-бытовыми условиями.

2. Указанные выше факторы определили следующие принципиальные особенности традиционной системы питания казахов:

- Казахи-мясоеды, т.е. **мясные блюда** – неременный атрибут казахской кухни. Здесь следует отметить в виду, что, будучи профессиональными скотоводами, казахи прекрасно разбирались в особенностях мяса разных видов домашних животных, а именно: казахи разводили четыре вида домашних животных: лошади, овцы, коровы, верблюда. Мясо каждого вида домашних животных отличалось своеобразным вкусом и усвояемостью, поэтому забой домашних животных проводился по разным случаям. Так, например, лошадь забивалась для употребления в осенний (кузгисогым – осенний забой) и в зимний периоды (кыскысогым). Забой лошади проводился после